

Жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 18 қазан N 483-ө

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары

Г.Г.Штойкпен 1996 жылғы 9 қазандағы жұмыс бабында жүргізілген келіссөз барысында Жапонияның Эксимбанкі қойған мәселелерді шешу және оларды Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.М. Қажыгелдинмен Қазақстан Республикасы Үкімет делегациясының Жапонияға сапары кезінде донор-елдерінің Консультативтік Кеңесінің ресми мәжілісіне талқылауға әзірлеу мақсатында мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Шүкеев Ө.Е. - Қазақстан Республикасының Экономика министрі,
топ жетекшісі

Ізтілеуов Б.І. - Қазақстан Эксимбанкі басқармасының төрағасы

Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті
басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің
төрағасы

Мұртазаев М.А. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және
сауда министрінің міндетін атқарушы

Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және
сауда министрінің орынбасары

2. Жұмыс тобына:

1996 жылдың 17 қазанына дейінгі мерзімде "Иточу Корпорейшн" компаниясы мен "Испат-Кармет" АҚ-на "Қарағанды металлургия комбинатында кокс газын тазарту цехын салу" жобасын одан әрі жүзеге асыру жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылдаған шешімдері туралы ақпарат жолдау;

1996 жылдың 21 қазанына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметі

мен "Иточу Корпорейшн" фирмасының арасындағы "қарағанды металлургия комбинатында кокс газын тазарту цехын салу" жобасы бойынша ТОКМС-426 контрактіге қосымшаны, "Иточу Корпорейшн" фирмасы 10,072 млрд. жапон иені сомасындағы берген жабдықтарға төлем жасау жөніндегі міндеттемесін көздей отырып, қол қоюға дайындау;

1996 жылдың 21 қазанына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Испат-Кармет" АҚ (немесе "Испат-Интернейшнл") арасындағы "Иточу Корпорейшн" фирмасының құны 10,072 млрд. жапон иені тұратын жабдықтар беру негізінде кокс газын тазарту жөніндегі бір технологиялық желі ғимаратына жасалған

контрактіні қол қоюға дайындау;

1996 жылдың 21 қазанына дейінгі мерзімде Павлодар қаласындағы "Химпром" АҚ дамыту стратегиясы және контрактіні жүзеге асыру кезеңіндегі кәсіпорынның болашақ мәртебесі жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Меморандумын (Қазақстан Республикасы Үкіметінің ресми хатын) әзірлеп, Жапония Эксимбанкіне беру тапсырылсын.

Премьер-Министрдің
орынбасары